



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Әулие Аугустиннің этикалық ілімі





Мақсат – Орта ғасыр философы Әулие Аугустиннің іліміндегі этикалық мәселелерді талдау.

Жоспар

Аугустин бақытты болудың жолы туралы.
Аугустин кейбір христиан өсиеттері жайында.

Түйін сөздер

Этика, мораль философиясы, жоғарғы игілік, бақыт, мәңгі өмір, моральдық игіліктер, теологиялық игіліктер, христиан өсиеттері.

Антика дәуірінің көптеген моралистері секілді Аугустин де өзінің этикалық ілімін адамдардың бақытты болғысы келетінімен байланыстырды. Осыған сай философияның міндетін жоғары игіліктің не екенін білу және оған қол жеткізудің жолын табу деп есептеді. Ол «Тәубе» еңбегінде екі адамнан «әскерге барғыңыз келе ме?» деп сұраса, біреуінің «иә», екіншісінің «жоқ» деп жауап беруі мүмкін екенін айтады. Ал егер екеуіне де «Бақытты болғыңыз келе ме?» десе, олардың екеуі еш кідірместен «иә» деп жауап беретіні айқын дейді. Олардың әскерге баруды қалауы не қаламауының себебін: бірінің бұл қадам оны бақытты ететініне сенсе; екіншісінің сенбейтінінде деп көрсетеді.

Аугустин «Үштік туралы» еңбегінде аудиториясына, яғни көрермендеріне келесі кездескенде әрбіреуінің ойында не бар екенін айтуға уәде берген театр актері туралы оқиғаны баяндайды. Келесі кездесуде актер оларға: «Сіздердің әрбіріңіз кез келген дүниені арзанға сатып алып, қымбатқа сатқыларыңыз келеді», – деді. Аугустин мұның ақылды шешім екенін тілге тиек етеді. Алайда толығымен дұрыс деп айтуға келмейтінін де ескертеді. Осыған орай, жауап ретінде өз мысалдарын тізбектеп берді. Актер өз ойын: «Сіздердің әрбіріңіздің бақытты болғыларыңыз келеді, соған сай ешбіріңіздің бақытсыз болғыларыңыз келмейді» деген сөздер арқылы жеткізсе, аудиторияның көңілінен шығар еді.

Аугустин гректердің «этика», ал латындықтардың «мораль философиясы» деп атаған философияның тармағын – жоғары игілікті зерделеу деп түсіндірген. Ол – біздің барлық әрекеттеріміздің стандартын айқындайтын игілік. Ол мақсатқа жетудің тәсілі емес, игілікті іздеу игіліктің өзі үшін ғана. Оған қол жеткізген бойда бақытты болу үшін бұдан өзге дүниенің қажет емес екенін түсінеді. Аугустин осы уақытқа дейін классикалық моралистер көтермеген мәселені қозғамады, ол да жоғары игілікке жетуді үміт еткендерді байлықтан, абыройдан және сезімдік ләззаттардан бас тартуға шақырды. Стоиктер де осындай тақуалықты ұстанған, әрі бақытты болудың кілті сананың ізгілігінде деп есептеген. Алайда олар бақытқа тек игілік арқылы, ал игілікке адамның көмегінсіз-ақ қол жеткізуге болады деп қателескен еді. Аугустин өзіне дейінгі барлық пұтқа табынушылардың түсініктерінен асып, адамның тек о дүниеде – Құдаймен қауышқанда ғана шынайы бақытқа жететінін айтқан.

Оның пікірінше, бақытты болғысы келетін кез келген адам, ең алдымен, мәңгілік өмірдің иесі болуы керек. Бақытты өмір өліммен аяқталуы керек дегенге қалай сенбекпіз? Адам өз өмірімен қоштасқысы келмесе, өзін алда күтіп тұрған осындай келешекке қалайша разы болмақ? Екінші жағынан, егер адам өмірінен құтылғысы келсе, қалайша ол шынайы бақытқа кенелді? Бақытты болу үшін мәңгілік өмір қажет болса, оның өзі жеткіліксіз болуы да мүмкін ғой. Жанның мәңгілік екенін дәлелдеуге тырысқан пұтқа табынушы философтар өмірге қайта келу туралы әлсіз қағидаларды ұстанды, – дейді Аугустин. Тек христиан діні ғана адамға оның жаны мен тәнін мәңгі бақытқа бөлеуге уәде береді. Осылайша, ізгілік шынайы өмірдегі бақыттың өзін білдірмейді: ол, шын мәнінде, түпкі мақсатқа – о дүниеге жетуге қажет тәсіл ғана. Сондай-ақ біз қанша тырыссақ та, ізгіліктің, таңдаулыларға ғана берілетін ерекше Құдіреттің көмегінсіз, яғни Иса арқылы құтқарылу жолына түспесек, кесапаттан арыла алмаймыз. «Құдай қаласы» еңбегінде оқтын-оқтын мадақталатын ұлы пұтқа табынушы батырлардың адамгершілігі шын мәнінде тек Римнің бай тарихында зор құрметке бөленген, бірақ жәннаттың шынайы бақытына таласпаған керемет пайғамбарлар болған.

Классикалық теоретиктердің көбі моральдық игіліктер біртұтас деген пікірді ұстанды, яғни ізгіліктің біреуіне ие болған адамның бойында, шын мәнінде, ізгіліктің барлығы болады, ал кімде оның біреуі де болмаса, ол ізгілік атаулының барлығынан кенде. Соның салдарынан кейбір



моралистер «Ізгілік пен азғындықтың аз-кем деген деңгейлері жоқ, барлық күнәнің салмағы бірдей» деген пікірді алға тартты. Барлығымыз, тіпті арамыздағы ең тақуа христиандар да күнәһармыз; бірақ біздің әрекеттеріміздің барлығы күнә емес. Қандай жағдайда да кемшіліксіз пенде болмайды, дегенмен мінез-құлқымыздың барлық қыры азғындыққа жатпайды. Алайда Аугустиннің мораль ілімінде моральдық игіліктердің тұтастығы туралы пұтқа табынушылардың тезисіне ұқсас элементтер бар. Бұл моральдық игіліктер мен діни игіліктердің тұтастығы жөнінде ілім. «Кімде-кім сенім, үміт және мейірім игіліктеріне ие болмаса, ондай адам шын мәнінде даналық, қанағат және батырлық секілді игіліктерге ие бола алмайды, – деп жазады Аугустин. – Құдайға деген сүйіспеншілікке негізделмей орындалған әрекет күнә болуы тиіс; сондай-ақ дұрыс сенімі жоқ адамдар Құдайды шынайы сүйе алмайды».

Аугустин, пұтқа табынушылардың игіліктері – шектен шыққан азғындықтан басқа ештеңе де емес деп жиі айтатын: жаман ағаш жақсы жеміс бере алмайды. Кейде ол кімде-кім сенімінің әлсірегенін сезінсе, жеке салиқалы істерді істеуге болатынын мойындауға келіссе, сол үшін, оның пікірінше, Құдайға сенбеушінің әр әрекеті күнә саналмайды. Алайда пұтқа табынушылар тіпті жақсы істерді кездейсоқ жасай алатын болса да, бұл арқылы шынайы бақытқа жете алмайды. Олар үміттен алатын ең жақсы нәрсе – ақыр аяғында басқаларға қарағанда тек жеңілірек азап тарту мүмкіндігі.

Христиандықтың ұзақ тарихында көптеген адамдар Аугустиннің адамзаттың басым көбін күтіп тұрған азапты келешек туралы бейнелерін қабылдауға тиіс болатын. Реформацияның құлдырауынан кейін протестанттық лагерьдегі Кальвиннің және католиктік лагерьдегі Янсениустың одан да сұмдық зұлматты көріністі болжағанын көреміз. Сондай-ақ XIX ғасырда Кьеркегор мен Ньюман Аугустин секілді шынайы ізгіліктің жоғары игіліктерге жол ашатын қақпалардың қаншалықты тар екенін атап өткен. XX ғасырдағы көптеген христиандардың сипаты болған қуатты оптимизм мұндай дәстүрлерді қолдамады. Алайда бұл философияның емес, дін тарихының мәселесі.

Философиялық тұрғыдан алғанда Аугустиннің мораль табиғаты туралы жалпы көзқарасына қарағанда, нақты этикалық пікірталастарға қосқан үлесі үлкен қызығушылық тудырады. Ол он парыздың үшеуінің түсіндірмесіне қатысты көптеген еңбектер жазды. Олар: «өлтірме», «знақорлық жасама», «жақыныңа қарсы жалған куәлік етпе».

Аугустин «Құдайдың қаласы» трактатында келер ұрпақ үшін «өлтірме» деген інжілдік әмірді христиандар қалай түсіну керектігін айқындап берді. Біріншіден, бұл шектеу адам затына жатпайтын жаратылыстарға қолданылмайды. «Біз «өлтірме» деп оқығанымызда мұны ештеңені сезбейтін бұталарға, ұшатын және жүзетін, жүретін және жорғалайтын иррационалды жануарларға қатысты деп түсінбейміз. Өйткені олар біздің рационалды қоғамымыздың бөлігіне жатпайды. Оларға біздегідей ақыл берілмеген. Сондықтан жаратушының әділ әмірімен олардың өмірі мен өлімі біздің қажеттіліктерімізге тәуелді», – деп жазады Аугустин. Екіншіден, бір адамның екінші адамның өмірін саналы түрде қиюы барлық кезде бұрыс деп есептелмейді. Аугустин құқықбұзушы мен қылмыскерге мемлекет заңдарына сәйкес үкім шығарып, оны өлім жазасына кескен қоғамдық сотты айыптамайды. Сонымен бірге оның пікірі бойынша, «Құдайдың құзырында (әмірімен) соғысқан» адамдар «өлтірмеу» өсиетін бұзбайды.

Алайда соғыс Құдайдың үкімімен жүргізіліп жатқанын қалай анықтауға болады? Аугустин соғысты дәріптейтіндердің қатарына жатпаушы еді. Ол соғысты одан асқан зұлымдықты тоқтату үшін қажет деп есептейді. Барлық жаратылыс иелері бейбітшілікке ұмтылады, тіпті соғыс та бейбітшілік орнату үшін жүргізіледі, өйткені жеңіс шын мәнінде бейбітшіліктің шыңы болып саналады. «Кім де болса соғыс кезінде бейбітшілікке ұмтылады, бірақ ешкім бейбітшілік кезінде соғысқа ұмтылмайды». Басқа жағынан алсаң, Аугустин Інжілдегі «екінші бетін тосатын» қағиданы ұстанған өзінің христиан ізашарлары секілді пацифист емес. Әскерлер қорғану мақсатында немесе сорақы әділетсіздікті тоқтату үшін жүріп жатқан мемлекеттер арасындағы соғыстарға қатысуға құқылы, тіпті міндетті. Аугустин орта ғасырдағы және Жаңа замандағы мұрагерлері құрастырған «әділетті соғыс теориясының» шарттарын түсіндірмейді. Алайда әділетті соғыста да кем дегенде бір тарап күнәлі әрекеттерге барған болып саналатынын айқын көреді. Сондай-ақ тек әділдігі басым түскен мемлекет қана өз әскерлеріне «өлтір» деген бұйрық беруге құқылы. «Әділдік жоқ болса, патшалықта қылмыстық топтардан басқа не қалады?» Дегенмен ол Құдай тарапынан рұқсат берілген тарихи соғыстардың мысалын көрсетуге дайын:



мысалы, Фьезоледегі 405 жылы генерал-император Стилихоның үлкен жеңісімен аяқталған Солтүстік Италияны остготтардан қорғау үшін болған соғыс.

Адамдардың өзін-өзі немесе өзге адамды қорғау мақсатында өзгені өлтіру мәселесі қандай болмақ? Аугустин мұның заңға қаншалықты сәйкес келетінін анықтап алмаған көрінеді. Оның хаттарындағы сөздерден екіұдайылықты түсінуге болады. Дегенмен эллиндік философияда дау тудырған бір тақырыпқа қатысты Аугустиннің нақты ұстанымы болған: өзіне қол жұмсау заңға қайшы. «Өлтірме» әмірі өзіне де, өзге адамдарға да қатысты айтылған. Бұл мәселе Аугустин «Құдай қаласы» еңбегін жазып жатқан кезеңде өзекті болған, өйткені 410 жылы Рим тоналған кезде көптеген христиан ерлері мен әйелдері зорлықтан, құлдықтан құтылу үшін өздеріне қол жұмсаған. Аугустиннің пікірінше, ешбір себеп өзіне қол жұмсауды ақтай алмайды. Материалдық жоқшылық алдындағы өзіне қол жұмсау жанның ерлігі емес, әлсіздіктің белгісі. Юлий Цезарьдің зұлымдығына бас июден бас тартқан римдік Катон секілді, масқаралықтан құтылу үшін, өзіне қол жұмсау одан да көбірек зұлымдықтарға жол ашады. Зұлымдықтың азғыруынан құтылу үшін өзіне қол жұмсау, өзін өлтірудің ең жеңіл түрі болса да, Құдайға сенген христиандарға лайық емес әрекет саналады. Зорлықтан құтылу үшін өзіне қол жұмсау, бұл әрекет Амвросий секілді кейбір христиандар үшін ерлік саналса да, Аугустиннің сынына ұшырады. Себебі зорлық көру күнә саналмайды, әрі ол абыройсыз құрбан үшін масқаралық әкелмейді.

Аугустин адам құқықтарын қорғауда, өмір сүру құқығынан басқа мәселелерді асқан тыңғылықпен талдамайды. Ол «соттың дәлелдерді алу мақсатында куәгерлерді қинауы дұрыс па» деген сұрақ қояды. Осы тәжірибеге қатысты азғындықты нақтылап жеткізеді. Құқық бұзушылыққа қатысы жоқ куәгер зардап шегеді; азаптаудан құтылу үшін айыпсыз айыпталушы өзін айыпты деп мойындауы мүмкін, ал шынында кінәлі адам азапқа төзіп, өтірік сөйлеу арқылы жазадан құтылуы мүмкін. Жалпы алғанда, азаптаулардың ауыртпалығы бар, ал оның құндылығының дәлелі бар екені күмәнді. Дегенмен Аугустиннің айтуы бойынша, дана адам бұйырған міндеттерін қаншалықты күмәнді әрі жағымсыз екеніне қарамай, төреші міндетін орындаудан бас тартпауы тиіс. Мүмкін ол епископтардың синоды 384 жылы Римде азаптауларды сынағанынан хабарсыз болған болар.

Құлдық туралы не айтылған? Аристотельге қарағанда Аугустин құлдықты табиғи дүние деп есептемеді. Оның ойынша, құлдық – күнәнің салдары. Осыны көрнекі түрде көрсету үшін, ол өзінің құлға берген мысалын, яғни Аристотель де аморальды санаған әділетсіз соғыста жеңіліс тапқандардың жеңгендер үшін құл болуы туралы мысалды келтіреді. Алайда бұл күнәһар дүниеде ол құлдықты институт ретінде тікелей айыптауға бармайды: оны ұстап тұрған нәрсе «Көне өсиеттегі» патриархтардың мысалы және «Жаңа өсиеттегі» Павелдің құлдарға басшыларына бағынуды бұйыратын әмірі. «Қылмыстық жазаланатын құлдық, табиғаттың тәртібін қорғау парызын негіздейтін заңмен бекітілген». Шешімін таппай жатқан әлеуметтік немесе саяси проблемаға келгенде Аугустин сұрақтың интернализациясынан қорғаныш іздейді. Өзінің жаман нәпсіқұмарлығына құл болғанша, жақсы адамның құлы болған артық. Сондықтан өздерінің игіліктері үшін жазаланатын құлдар, иелерінің оларға мейірімді болулары үшін қолынан келетіннің барлығын істеуі керек.

Сексуалдық этика мәселелерінде Аугустиннің кейінгі христиан ойшылдарына тигізген ықпалы өте терең болды. Оның жыныстық қатынас пен отбасы жөніндегі ілімі біршама толықтырулардан соң, ортағасырлық мораль философтарының стандартты доктринасына айналды. Басты ортағасырлық латын философтарының арасында, жыныстық өмірі әдеттегі емес жолмен өрбіген Абельярды қоспағанда, жалғыз Аугустиннің ғана сексуалдық тәжірибесі болды. Жаңа заманда Аугустин «христиан еместердің арасындағы әйел атаулы мен жыныстық қатынасты жек көретін адам» деген атақты иеленді. Таяуда жасалған зерттеулер бұл атақтың шындығын растау үшін қайта сараптама жасау қажеттігін көрсетті, – дейді Кенни.

Аугустиннің жыныстық қатынасқа тек некеде ғана рұқсат болуын, бала туу да некенің басты мақсаты екенін, сондай-ақ күйеуі мен әйелі арасында заңды болып келетін сексуалды белсенділіктің түрлеріне шектеу қоюын қарастыратын қатаң христиандық дәстүрдің авторы екені шындық. Алайда Аугустиннің ілімі көптеген өзге замандастары мен ізашарларына қарағанда, жыныстық қатынасқа қатысты төменірек наразылықпен қарайды. Амброуз бен Иероним секілді христиандар некені алғашқы күнәға батудың салдары, сондай-ақ Эдем бақ-



тарында ешқандай жыныстық қатынас болмаған деп санады. Аугустиннің айтуынша, неке – тұңғыш күнәні жасамаған адамға арналған Құдайдың алғашқы жоспарының бөлігі болды. Сондай-ақ тіпті Адам ата мен Хауа ана күнәларын жасамағанда да, жыныстық қатынасқа түсер еді. Аугустин қыз абыройын христиандар үшін жалғыз лайықты сипат деп санаған аскеттерге қарсы 401 жылы некені заңды әрі сыйлы жағдай етіп көрсететін *De Vono Conjugali* трактатын жазды. Ол некені күнә немесе азғындық емес, зинақорлықтан кем зұлымдық қана емес, керісінше игілік деп есептеген. Христиандар ұрпақ тарату үшін әрі ері мен әйелін байланыстыратын ерекше қатынастарды орнату үшін некеге тұра алады. Неке бір жанмен ғана қиылады және ол тұрақты болуы тиіс; ажырасуға жол берілмейді және тек өлім ғана екеуін ажыратуы мүмкін. Ұрпақ таратудың мақсаты некені сыйлы ету болып саналатындықтан, әйелі ешқандай да қорғануды қажет ететін әрекеттерді жасамауы тиіс. Күйеуі мен әйелі жыныстық қатынасқа қатысты бір-бірінің өтініштерін құрметтеуі керек. Олар ақылға қонымды болса ғана. Алайда ұрпақты жалғастыру қажеттілігі қанағаттанған сәттен бастап ерлері мен әйелдері жыныстық қатынастан тыйылып, тек өзара таза достық қарым-қатынасты жалғастырумен шектеледі. Шындығында, адамзатты көбейтудің қажеттігі болмаған кезде – полигамды яһудилік патриарх кезеңіндегідей – өмір бойы некесіз өту міндетті болмаса да целибат, некелік жағдайға қарағанда әлдеқайда жоғары дәреже саналады.

Аугустин үшін үйлену – тең емес серіктестерді біріктіруші институт: ері отбасының отағасы болса, әйелі оған бойсұнуға міндетті. Әулие Павелдің нақты ұстанымдарын ескеретін болсақ, ол басқаша ойлай алмайтынын көруге болады. Сонымен қатар ол академиялық немесе монахтық топтардағы ерлер арасындағы тілдесуді некеде тұрған ер мен әйел арасындағы тілдесуден де артығырақ деп санаған. Алайда сексуалдық моральды талдау барысында оның ерлерге басымдық беретін екіжақты стандарттарға төзбейтіні байқалады. Айталық, оның сөзі бойынша, адам сәтті некені күте жүріп, уақытша көңілдес табады. Мұндай адам өзінің болашақ жарына қарсы зинақорлық жасап жатқан жоқ, ол қазіргі әріптесіне қиянат жасап отыр. Әйел-әріптес, дегенмен қандай да бір зинақорлықта айыпты саналмайды, шынымен де, «егер ол өзінің жыныстық қатынастарында балалы болуға әрекеттенген болса, алайда амалсыз сақтануға мәжбүр болса, ол көптеген тұрмыстағы аналардан артық саналады». Аугустин әйелдердің құқықтарын қорғаштайтын: ол әйелдерді мирасқор болудан тыятын, тіпті жалғыз қызы болса да мирасқорлық құқығынан айыратын римдік Лекс Воконияның заңынан артық әділетсіздік болмайтынын айтты.

Бала туу жыныстық қатынас үшін киелі мақсат болып табылатындықтан, мұнда тек гетеросексуалды байланыстарға ғана жол беріледі. «Табиғатқа қарсы содомиттердегідей масқаралы әрекеттер кез келген жерде, әр уақытта сынға ұшырап, жазалануы тиіс. Тіпті барлық халықтар осыны орындауға міндетті болса да, олар бәрібір адамдарды бір-бірін мұндай жолмен пайдаланудан тыятын Құдайдың заңдарында белгіленген күнәхар атанады. Феодосий император «жүргіш» еркектерді көпшіліктің көзінше өртеуге бұйыратын қаулы шығарды.

«Өз жақыныға қарсы жалған куәлік жасама» өсиеті – жалпы тыйымдарға қатысты христиандық түсіндірмелерде жиі кеңейтілетін, алайда кез келген жағдайда өтірік сөйлеуге тыйым салынуына қатысты даулы мәселе болатын. Аугустин зорлықтан құтылу үшін өзіне қол жұмсауды қолдаған христиандарға қарсы шыққан. Дегенмен ол игі іс үшін жалғанға жол бергендердің жолын ұстанғандарға қарсы қатал нұсқау қабылдады (мысалы, сенімнің сырын білгісі келген пұтқа табынушылардан оларды жасыру). Аугустин өтірік жайында екі трактат жазып, мұны ол «бір сөзді немесе белгіні білдіре отырып, басқа нәрсені назарда ұстау» деп сипаттады. Ол алдау мақсатында өтірік айтуға жол бермеген. Әрине, алғаш қарағанда жақсы адам жақсы іс жасау үшін жалған сөйлеуді мүмкін қылатын оқиғалармен кездесті. Мысалы, сіздің үйіңізде әділетсіз сотталған кінәсіз адам бар дейік. Сіз оны қорғау мақсатында өтірік айта аласыз ба? Аугустин қудалаушыларды тоқтатуға тырысуы керектігімен келіседі. Алайда ол алдын ала мақсатты түрде өтірік сөйлеуге болмайтынын ескертеді. «Сендер өтірік айтқан сәттен бастап мәңгі өмірді жоғалтасыңдар, сондықтан өткінші өмірде құтқарылу үшін өтірік айтпаңдар».

Өтірік айту қателік болса да, Аугустин үшін барлық өтірік бірдей қате емес. Ешкімге зиян тигізбейтін, қайта басқаларға көмек беретін өтірік ең әдемі өтірік саналады. Ал діни адасушылыққа әкеп соқтыратын өтірік – өтіріктің ең сорақы түрі. Алдау үшін емес, көңіл



көтеру үшін айтылатын өтірік әңгіме жалған саналмайды. Дегенмен бұл жеңілтектің өкінішті деңгейінің айғағы болуы мүмкін.

Осылайша біз Энтони Кенни еңбегінің сегізінші тарауында қарастырылған Аурелий Аугустин философиясындағы, соның ішінде христиандықтың кейбір өсиеттері мен бақыт жайындағы этикалық сұрақтарды талдап болдық. Келесі дәрісімізде біз Орта ғасыр философиясындағы этика тақырыбын жалғастырамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Аурелий Аугустиннің этикалық ілімінде қарастырған басты мәселелер қандай?
2. Әулие Аугустин іліміндегі бақыт пен мәңгілік өмір түсініктері қалай байланысады?
3. Аугустиннің мораль іліміндегі қандай элемент пұтқа табынушылардың моральдық игіліктер біртұтас деген тезисіне ұқсас?
4. Энтони Кенни философиялық тұрғыдан алғанда Аугустиннің мораль табиғаты туралы жалпы көзқарасына қарағанда, нақты этикалық пікірталастарға қосқан үлесі үлкен қызығушылық тудырады дейді. Кенни осы жерде қандай нақты этикалық пікірталас жайында айтады?
5. Аурелий Аугустиннің көзқарасы бойынша христиандар інжілдік «өлтірме» өсиетін қалай түсінуі керек?
6. Әулие Аугустиннің ілімі бойынша неке қай жағдайда қадірлі болып саналады?
7. Не себепті Аугустин барлық өтірік бірдей қателік емес деді?

Әдебиет

1. Kenny, A. (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Рассел, Б. История западной философии. – М., 2009.
3. Соколов В.В. Средневековая философия. – М., 1979.